

ОӘЖ 342.53

Зейнелов Біржан Сайлауұлы

«Алматы» Университетінің аға оқытушысы, Алматы қ.
e-mail: birj_zeinel76@mail.ru

Базенов Айрат Базенович

Қазақ инновациялық гуманитарлық –заң университетінің аға оқытушысы, Семей қ.
e-mail: a.bazenov@mail.ru

Бақтыбеков Мұхтар Бақтыбекұлы

Қазақ инновациялық гуманитарлық –заң университетінің аға оқытушысы, Семей қ.
e-mail: mukhtar-79@mail.ru

ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада парламентаризм институтының теориялық негіздері мен қалыптасуы қарастырылады. Құқықтық мемлекетті құрудағы заң шығару билігінің теориялық негіздері сипатталып, негізгі элементтері ашылады. Сонымен бірге, мақалада парламентаризм институтына қатысты доктриналдық пікірлер қарастырылады. Парламентаризм институтының қалыптасуындағы әлемдік моделдер қаралып, оларға талдау жасалады. Сонымен бірге Праламентаризмнің Конституционализммен және демократизммен байланыстары талданып теориялық сипаттама жасалады.

***Түйін сөздер:** парламентаризм, парламент, заңшығару билігі, демократия, құқықтық мемлекет, парламенттік монархия, республика.*

В статье дается понятие парламентаризма и его теоретические и практические вопросы, рассматриваются структурные и функциональные элементы, механизмы действия данного института. Предложена обзорная характеристика современного института парламентаризма. Также, в статье рассмотрены ключевые моменты взаимосвязи парламентаризма, конституционализма и демократизма.

***Ключевые слова:** парламентаризм, парламент, законодательная власть, демократия, правовое государство, парламентская монархия, республика.*

The article gives the concept of parliamentarism and its theoretical and practical issues, examines the structural and functional elements, mechanisms of action of this institution. A review characteristic of the modern institute of parliamentarism is proposed. Also, the article discusses the key points of the relationship of parliamentarism, constitutionalism and democracy.

***Keywords:** parliamentarism, parliament, legislative power, democracy, legal state, parliamentary monarchy, republic.*

Парламентаризм ұғымы құқықтану және саясаттану саласындағы көптеген зерттеулердің объектісі болып табылады, бірақ сонымен бірге ең көп қырлы, көп аспектілі саяси-құқықтық құбылыстардың бірі болып қала береді. Кейбір ғалымдардың пікірінше, парламентаризм ежелгі Римде пайда болды. Ресей заңгер-ғалымы И. Мачульскаяның айтуынша: «дәстүрлі түрде парламентаризмнің отаны-Ұлыбритания деп саналады. Бірақ егер біз бұрынғы өткенге, Ежелгі Рим тарихына жүгінсек – онда халық өкілдігінің алғашқы өскіндері мен өкілдік органдардың үлгілері, мәртебесі, қалыптасу тәртібі мен өкілеттіктерінің бөлінуі әлемнің көптеген елдерінің парламенттік құрылысының негізіне алынған екенін және дәл сол жерде пайда болғанын көреміз. Рим Сенатының болуы әлемдік өркениетке өкілді органдардың, соның ішінде парламенттердің жоғарғы палаталары сияқты кейбір маңызды элементтерді берді» [1, б б.]. Алайда, халық

өкілдігі идеясына басқа да ежелгі мемлекеттер де жат болған жоқ, мысалы, халық өкілдігінің органдары ақсақалдар кеңесі, сенат (ежелгі рим), рим форумдары, вече (ежелгі русь), құрылтай (түрік-моңғол мемлекеттері), халық жиналысы және тағыда басқалар.

Қазіргі уақытта «парламентаризм» ұғымы әртүрлі көзқарастарда қарастырылады, әрбір ғалым парламентаризм туралы өз айқындамасын тұжырымдады, бұл ретте басым бөлігі осы ұғымның көп аспектілігін атап көрсетеді.

Ресей конституциялық құқығының жетекші маманы А.А. Керимов парламентаризм феноменін түсіндіруде екі негізгі тәсілге назар аударады: бірінші тәсіл шартты түрде «мемлекеттік» деп атаса, парламентаризмді мемлекеттік басқару нысаны ретінде қарастырады. Оның пікірінше, мұндай көзқарас сұрақтың мәнін жеңілдетеді. Қазіргі әлемде басқаруды монархиялық және

республикалық нысандарына бөліп ажыратамыз [1, 76].

Парламенттер әртүрлі басқару нысандарында болады және бола береді де. Парламентаризмді басқарудың белгілі бір нысаны шеңберінде мемлекеттік лікті ұйымдастырудың тәсілі ретінде, бірақ басқарудың дербес нысаны ретінде қарастырмаймыз.

Екінші тәсіл саяси талдауға көбірек көңіл аударады және парламентаризмді биліктің бөлінуіне, азаматтық қоғамның әртүрлі әлеуметтік таптарының мүдделерінің көптігіне, саяси плюрализмге негізделген мемлекеттік биліктің құрылуы мен жұмыс істеу жүйесі ретінде түсіндіреді. А. Керимов парламентаризмнің анықтамасын былай нақтылайды: саяси партиялардың қатысуымен еркін сайлауда сайланатын Парламенттің формальді артықшылықтарға ие жағдайында билікті бөлу және заңның үстемдігі қағидаттарына негізделген мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу және қызмет ету жүйесі. Оның пікірінше, парламентаризмнің маңызды белгілерінің ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- билікті бөлу қағидасын сақтау;

- құқықтық сөзсіз үстемдігі;

- Парламент қоғамның заң шығарушы және өкілді органы;

- Парламенттік үлгідегі саяси партиялар жүйесінің болуы;

- Парламентті қалыптастырудың демократиялық процесі және оның жариялығы [1, 86].

Кейбір ғалымдар парламентаризмді өзге аспектілерде қарастырады – мемлекеттік органдар жүйесіндегі парламенттің орны мен рөлі сияқты өлшемдер негізге алынады.

Парламентаризмді саяси-құқықтық құбылыс ретінде түсінудің негізгі көзқарастарын талдай отырып, біз оны түсіндірудің негізгі аспектілерін бөліп көрсетуге тырыстық. Парламентаризм ретінде қарастырылады:

- мемлекеттегі қоғамдық қатынастардың тарихи даму кезеңі. Осы рөлде парламентаризм мемлекеттік биліктің өкілдік немесе жалпы халықтық алқалы орган – Парламентті құру нысанында халықтық өкілдік белсенділігінің дамуымен сипатталатын уақыт кезеңі болып табылады. Біз бұл тарихи құбылыс екеніне келісеміз, алайда бұл мемлекеттердің дамуын кезеңдерге бөлуге негіз береді деп ойлаймыз;

- Парламент туралы ілім идеялық – теориялық тұжырымдама ретінде, Парламент институт ретінде және оның қоғамдық функцияларының қажеттілігін ғылыми негіздеу. Мұндай тұжырымдаманың өмір сүруіне құқығы бар, бірақ оны «парламентаризм» емес, «парламентаризм тұжырымдамасы» немесе «парламентаризм теориясы» деп атау дұрыс болар;

- мемлекеттік билікті ұйымдастыру және жұмыс істеу жүйесі (тәсілі, процесі) ретінде;

- халық өкілдігінің нысаны ретінде, мұнда парламенттің негізгі қызметі – өкілдік;

- басқару нысанының бір түрі ретінде, бұл ұстанымның басқару нысандарының белгіленген сыныптамасына сәйкес келуі өте қиын;

- мемлекеттік құрылыс ретінде. Біздің пікірімізше, біз парламентаризмді мемлекеттік құрылыспен теңестіре алмаймыз, өйткені мемлекеттік құрылым деп – конституциялық құқық нормаларымен бекітілген әлеуметтік, экономикалық және саяси-құқықтық қатынастар жүйесі;

- жалпы адамзаттық құндылық ретінде, «көмшіліктерінен арылмағанмен, даусыз позитивті құбылыс ретінде адамзаттың аса маңызды ашулар мен жетістігі» Бірақ бұл парламентаризмді анықтау емес, тек оның қоғам үшін маңыздылығын анықтау ғана.

Парламентаризмнің әрбір аспектісі үшін айқындамаларды қалыптастыру осы саяси-құқықтық құбылыстың мәнін бөліп қарауды талап етеді. Жоғарғыда қарастырылған анықтамалар көп жағдайда парламентаризмнің қандай да бір сипатын көрсетеді немесе оның негізгі белгілерін көрсетеді.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, парламентаризмнің мәнін анықтай отырып, қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, оны тарихи контекстен тыс қарастыру қажет. Парламентаризмнің қазіргі сипаттамасы мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі өкілдік қызметті жүзеге асыру тұрғысынан дәлме дәл, сай келеді. Парламент – халық өкілдігінің жалғыз ресми органы. Оның халықпен байланысын айқындайтын өкілдік функциясына сүйене отырып, «парламентаризм» ұғымына оның барлық көрнекті ерекшеліктерін сыйғызуға болады. Басқаша айтқанда, парламентаризмнің негізгі сипаттамасы әмбебеп болып табылады. Оны жүзеге асыра отырып, парламент жария институт ретінде мемлекеттіліктің сипатына, әлеуметтік-саяси және экономикалық

жағдайларға байланысты түрлі нысандар алу мүмкіндігіне ие. Сондықтан әдебиетте халақ өкілдігінің функциясын орындау, парламенттің тұрақты және елеулі рөлі бар қоғамдарға тән « артықшылықты» парламентаризммен жақындасқан (Ұлыбритания, Италия, Испания) және «президенттік» (АҚШ, Франция) және тұрақсыз парламенттік институттары бар елдердің «өтпелі» парламентаризмі (ТМД елдері, Шығыс және Орталық Еуропаның кейбір мемлекеттері) және Парламент құрылымдары нашар рәсімделген мемлекеттердің «авторитарлық» парламентаризмі, Парламент заңдық-кеңесші органның рөлін атқаратын елдер (Латын Америкасы, Оңтүстік- Шығыс Азия) әділ атап өтіледі. Біздің пікірімізше, парламентаризмнің алғашқы белгісі нақ осы халық өкілдігінде. Бастапқыда парламент монархтардың жеке билігін шектеу және халықтың кейбір топтарының мүдделерін білдіру үшін құрылды. Қазіргі уақытта парламентаризм – мемлекеттік билікті іске асыру кезінде халықтың және қоғамның негізгі топтарының саяси мүдделері мен құндылықтарын білдіруге мүмкіндік беретін саяси-құқықтық институт. Сонымен, парламентаризмнің негізгі және бастапқы белгісі – халық өкілдігі.

Тарихи кезеңге, демократияның даму деңгейіне байланысты, басқа белгілері қалыптасады, дегенмен барлығы негізгі болса да халық өкілдігіне қарағанда екінші болып саналады. Өртүрлі мемлекеттердегі парламентаризмнің ерекше белгілері мынадай факторларға негізделген: қоғамдағы әлеуметтік күштердің арақатынасы, құқықтық, саяси мәдениеттің деңгейіне, елдердің дәстүлеріне, әлемдік тәжірибеге және тағы да басқа.

Парламентаризм ұғымын мемлекеттегі халық билігін ұйымдастырудың жоғарғы деңгейін сипаттайтын белгілер жиынтығы ретінде түсіну керек деп ойлаймыз.

Сонымен, парламентаризм ұғымы мен мәніне теориялық көзқарасты талдау келесі қорытындыны жасауға мүмкіндік береді. Парламентаризм әмбебеп түсінік болып табылады және бірнеше аспектілерде қарастырылуы мүмкін.

Біріншіден, мемлекеттегі халық билігін ұйымдастырудың жоғарғы деңгейін сипаттайтын белгілер жиынтығы ретінде. Бұл белгілерге жатады:

- халықтың барлық жіктерінің мүдделерін білдіретін заң шығарушы және өкілді мемлекеттік орган, әлеуметтік маңыздылығы мемлекеттік биліктің тиісті деңгейінде әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтардың, азаматтардың саяси және демографиялық топтарының мүдделерін келістіру және көрсету болып табылады. Біз бұл органды «парламент» ретінде көрсетпейміз, өйткені кейбір мемлекеттерде бұл орган тарихи дәстүрлерді немесе ұлттық тілдің сөйлеу айналымын көрсете отырып басқаша аталады (Олий Мажлис- Өзбекстан Республикасы), Жогорку Кенеш (Қырғызстан Республикасы) және тағы да басқа;

- халық өкілдігі жүйесінің болуы, Конституциямен кепілдік берілген институттардың, әлеуметтік нормалар мен нақты қатынастардың өзара байланысты жиынтығы, олардың шеңберінде халықтың, оның әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру жүзеге асырылады. Бұл белгі өз орнын алуы тиіс, өйткені парламентаризм халық мүдделерінің парламенттегі өкілдігімен ғана емес, сонымен қатар оған бағынышты емес жергілікті өкілді органдар да бар. Парламенттің өзі халық өкілдігін білдірудің ұйымдық нысандарының бірі болып табылады;

- билікті бөлу қағидасын іске асыру, яғни биліктің осы тармақтарының әрқайсының өз қызметтерін неғұрлым жауапты орындау үшін «тежемелік және тепе-теңдік» жүйесін құру. Билікті бөлудің әлеуметтік-саяси мәні бұл қағидатты деспотизм мен заңсыздықты болдырмаудың міндетті шарты ретінде түсінуден, билікті теріс пайдалануға жол бермеу және тиімді басқарудың қажетті алғышарты ретінде, қоғамдық тәртіп пен құқықтық (конституциялық) заңдылықты қамтамасыз етудің қажетті алғышарты ретінде түсінуден тұрады;

- мемлекеттің өзін парламенттік мемлекет ретінде конституциялық ұстанымы. Мемлекет Конституциясында парламентаризмнің негізгі қағидаттары бекітілуі тиіс.

Парламентаризмді құқықтық институт ретінде қарастыруға болады. Бұл мағынада парламентаризм – бұл Парламентті қалыптастыру және оның жұмыс істеуі, оның мемлекеттік биліктің басқа органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы [2, 506.].

Заң ғылымында сонымен қатар парламентаризм институтын

конституционализммен тығыз байланыстырады. Себебі «конституциялық мемлекет», «құқықтық мемлекет», «демократиялық мемлекет» немесе конституционализмді құруда ондағы бекітілген маңызды институттардың бекуі мен келісімді жұмыс істеуі қажет. Ресей зерттеушілерінің бірі Г.С.Андреев «демократиялық мемлекет дегеніміз шынайы демократиялық қағидалар жүзеге асатын, мемлекеттің саяси шешімдер қабылдауына халықтың барлық топтары араласатын, демократиялық саяси режимдермен қамтамасыз етілген мемлекет. Бұл шынайы саяси және идеологиялық плюрализмі бар жүйелі және әділ сайлау мен референдум өтетін, биліктің бөлінуі мен саяси құқықтары мен бостандықтары кепілденетін мемлекет ретінде беріледі.»[3, 96.] деп көрсетеді. Осы конституционализмді құруда халық билігі, демократиялық өкілдік, биліктің бөлінуі, заң үстемдігі сияқты институттар маңызды, ал бұлар өз кезегінде парламентаризмнің негіздері де болып саналады. Теорияда парламентаризм мемлекеттік билікті ұйымдастырудың ерекше жүйесі ретінде қаралады, оның құрлымы мен қызметі биліктің бөлінуі мен заң үстемдігі қағидасына негізделіп Парламенттің жетекші маңызына сүйенеді. Осы категория немесе концепция демократиялық мемлекетті құрудың негіздері ретінде құқықтық теорияда ерекше орын ала бермек және конституциялық практикада қарама-қайшылықтарда дами береді.

Теория мен практикадағы қайшылықтарды немесе доктриналық дискуссияны орын алуы заңдылық, бұл парламентаризм институтына қатысты мәселелерді жан-жақты зерттеуді жетілдіре бермек. Коновалова Л.Г өз зерттеуінде, парламентаризм демократияның көрінісі болғанымен ондағы кейбір категориялар бойынша ғылыми дискуссиялардың бар екендігін көрсетеді. Біріншіден, халық еркін анықтаудағы мәселелер. Халық еркі дегенде, барлық қоғам атынан сөйлеуі ма немесе тек электораттары ғана ма немесе оны жақтап дауыс бергендер атынан ғана ма, немесе белгілі-бір топтың мүддесін білдіруі ғана ма. Екіншіден, тікелей демократия мен өкілдік демократияның арақатынасы мен олардың мөлшері. Бұнда Ж.Жак Руссо пайымы бойынша халық еркі ешкімге берілмейді және барлық мәселе халықпен тікелей араласуымен шешілуі керек десе, Ш.Монтескье пайымы бойынша өкілдік

демократия тетігіне басты назар аударылып, маңыздылығы ұсынылады. Осы жағдай бойынша да ғылыми пікір таластар бар. Бірақ бұлардың әр қайсысының демократизмдегі өзіндік үлестері бар деуге болады.

Ғалымдар парламентаризм үлгілерінің жіктелуін әзірледі. Мысалы, белгілі-бір елдерде бар мынандай модельдерді атап көрсеткен: дамыған, аяқталмаған, дуалистік, монистік, рационализацияланған, министрлік, имитациялық.

Парламенттің басымдылыққа ие жағдайында парламентаризмнің дамыған моделі туралы айтуға болады. Бұл модель биліктің бөліну қағидаты және құқық үстемдігі, кемелденген азаматтық қоғам мен саяси партиялар сияқты парламентаризмнің негізгі элементтері толық көлемде іске асырылған демократиялық қоғам шеңберінде ғана жұмыс істей алады, олар саяси процестердің белсенді қатысулары болып қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы жалпы істер үшін саяси жауапкершілікке ие болады. Егер парламент үкіметті құрса, бірақ үкімет оның алдында саяси жауаптылығы болмаса, онда парламентаризмнің аяқталмаған моделі туралы айтуға болады.

Екінші өлшемі – заң шығарушы мен атқарушы орган арақатынасындағы тәуелділік. Бұл жіктемеде парламентаризмнің дуалистік және монистік үлгілері көрсетілген. Егер парламент пен үкімет бір-бірімен тең қарым-қатынасты болса, онда елде парламентаризмнің дуалистік моделі бар. Егер парламент биліктің жалғыз орталығы болып табылса, онда бұл жерде парламентаризмнің монистік моделі туралы айтамыз. Бұл модель Парламенттің үстемдігі кезінде парламентаризмнің негізгі қағидаттарының болуымен сипатталады. Егер парламент күшті президенттік билік жағдайында тиімді бақылауды жүзеге асырса, онда бұл жерде парламентаризмнің рационалды моделі туралы айтуға болады. Бұл жіктемеге парламентаризмнің министрлік моделі сәйкес келмейді: парламент заң шығамашылық және бақылау өкілеттіктеріне ие болған және бұл ретте парламент депутаты бір мезгілде үкіметте қызмет атқара алады.

Қазіргі уақытта парламентаризмді конституциялық құқықтың құқықтық институты ретінде қарастыру үшін алғышарттар қалыптасты. Парламентаризм тәжірибесі осы құбылыстың теориялық негіздемесін ғана емес, сондай-ақ парламент

туралы құқықтық нормалардың қарқынды дамуына әкелді, бұл парламент құқығының тұжырымдамасын қалыптастырып, зерттеуге себепші болды. Ресей құқық жүйесіндегі парламенттік құқықтың орны туралы мәселе 90-жылдардың басында белгілі кеңестік мемлекеттанушы И.М. Степановпен көтерген болатын. Бұл ретте парламенттік құқық оларға процессуальдық құқықтық институт ретінде қарастырылады [4, 134б.].

Парламенттік құқықтың тұжырымдамасы белгілі қазақстандық ғалым Ғ.С. Сапарғаливтің еңбектерінде көрініс тапты. «Қазақстан Республикасының парламенттік құқығы» монографиясында ол парламенттік құқықты конституциялық құқықтың кіші саласы ретінде қарастырады, құқықтық реттеудің мәнін анықтайды, құқықтың осы кіші саласы жүйесін құрайтын негізгі институттарды талдайды: 1) депутаттық институт; 2) парламенттік имунитет институты; 3) заң шығармашылық институты; 4) президенттік вето институты; 5) парламенттік тежеулер мен тепе-теңдік институты; 6) президенттік импичмент институты [4, 163 б.]. Саяси жүйе қызметін жетілдірудегі ең басты проблеманың бірі – Парламенттің құзыретін кеңейтіп, билік тармақтары арасындағы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйені үнемі жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Керимов А.Д. Понимания парламентаризма и перспективы его развития в России // Гражданин и право. 2002. № 7/8. -14-17с.
2. Сапарғалиев Ғ.С. Парламентское право Республики Казахстан: Монография. – Алматы: ТОО «Институт законодательство РК» 2009. -112-118с.
3. Коновалова Л.Г. Соотношение парламентаризма с принципом демократической государственности: вопросы конституционно правовой теории <https://cyberleninka.ru/article/n/sootnoshenie-parlamentarizma-s-printsipom-demokraticheskoy-gosudarstvennosti-voprosy-konstitutsionno-pravovoy-teorii/viewer>
4. Айтхожин К.К. Казахстанский парламентаризм (общеметодологические проблемы) / Перспективы казахстанского парламентаризма как важнейшего института демократизации и устойчивого развития страны. – Алматы, 2005. – 516 с.

Зейнелов Біржан Сайлауұлы

Лауазымы: «Алматы» Университеті, аға оқытушы

Почталық мекен-жайы: индекс 071400, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Ұялы тел.: 87017588849

Базенов Айрат Базенович

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы

Почталық мекен-жайы: индекс 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Түркісіб көшесі, 53-16

Ұялы тел.: 87059047941

Бақтыбеков Мұхтар Бақтыбекұлы

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы

Почталық мекен-жайы: индекс 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Юность көшесі, 6-6

Ұялы тел.: 87783699927

Парламентаризм институтының ерекшелігі және дамуының кейбір құқықтық мәселелері

Зейнелов Біржан Сайлауович

Должность: старший преподаватель, Университет «Алматы»

Почтовый адрес: индекс 071400, Республика Казахстан, г. Алматы

Сот. тел.: 87017588849

Жалпы қоғамның дамуы табиғи заңдылық. Ол бір орында тұрмайды, қарама қайшылықтарға болы болады, тоқырау мен қиындықтарға кездеседі. Бұл жерде әртүрлі факторлар ықпал етеді. Әлеуметтік қиындықтар, экономикалық процесстер, гоесаяси жағдайлар, мәдени-психологиялық процесстер, т.с.с. Осындай даму барысындағы объективті туындайтын қиындықтар оларды шешуді, реттеуді қажет етеді. Бұл толассыз жүретін процессте негізгі құндылықтарды сақтай отырып, құндылықтар арасындағы конкуренцияны дұрыс үйлестіріп қайшылықтарды шешу керек. Бұл мемлекет, қоғам, адам алдында тұрған міндеттер болады.

Әр мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері болады, ол тарихи қалыптасуы, географиялық жағдайы, әлеуметтік және мәдени жағдайлары. Бірақ сонымен бірге жалпы ортақ адамзаттық құндылықтар мен қазіргі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің ұстанымдары бар. Парламентаризм институтын дамыта отырып оның қоғамдағы үлесі мен билік жүйесінде алатын орнын және өзге де басымдылықтарын теория мен практикада айқындауға болады. Нәтижесінде Парламент арқылы құқықтық мемлекеттің дамуына және конституционализмнің дамуындағы сұрақтарды тиімді шешуге болады.

Базенов Айрат Базенович

Должность: старший преподаватель Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

Почтовый адрес: индекс 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Туркусибская, 53-16

Сот. тел: 87059047941

Бактыбеков Мухтар Бактыбекулы

Должность: старший преподаватель Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

Почтовый адрес: индекс 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Юности 6-6

Сот. тел: 87783699927

Некоторые правовые вопросы развития и особенностей института парламентаризма

Zeynelov Birzhan Saylauovich

Position: Senior Lecturer, Almaty University, Almaty

Mailing address: index 071400, Republic of Kazakhstan, Almaty

Cells. ph: 87017588849

Bazenov Ayrat Bazenovich

Position: Senior Lecturer of the Kazakh Humanitarian-Law Innovation University

Mailing address: index 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Turkusib, 53-16

Cells. ph: 87059047941

Baktybekov Mukhtar Baktybekuly

Position: Senior Lecturer of the Kazakh Humanitarian-Law Innovation University

Mailing address: index 071400, Republic of Kazakhstan, Semey

Cells. ph: 87783699927

Some legal issues of development and features of the institution of parliamentarism